

## **Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 20 наурызда № 18404 болып тіркелді.

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 41) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.07.2021 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 15 маусымдағы № 256 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17306 болып тіркелген, 2018 жылғы 3 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрі

С. Омаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, қорғаныс және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің  
2019 жылғы 15 наурыздағы  
№ 108 бұйрығымен бекітілген

**Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары**

**Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 17.07.2020 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1 тармағының 41 ) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленді

және жергілікті бюджетте тиісті қаржы жылына көзделген қаражат есебінен және шегінде бюджеттік субсидияларды (бұдан әрі – субсидиялар) беру тәртібін, сондай-ақ, "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялау" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.07.2021 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) арнайы комиссия – облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана деңгейінде құрылатын, "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының (бұдан әрі – "Атамекен" ҰКП) өңірлік кәсіпкерлер палатасының, қоғамдық салалық одақтардың/қауымдастықтардың/республикалық палаталардың өкілдерінен және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының құрылымдық бөлімшелерінің (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші)) мамандарынан қалыптастырылатын және тауар өндірушілерде тиісті инфрақұрылымның бар-жоғы бойынша салыстырып тексеруді жүзеге асыратын комиссия;

2) арнайы шот – субсидиялар сомалары аударылатын қаржы институтының екінші деңгейдегі банктегі шоты;

3) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқор (бұдан әрі – АЖБ) – диагностикалық зерттеулер нәтижелерін қоса алғанда, жануардың жеке нөмірі туралы, оны ветеринариялық дауалау туралы деректерді, сондай-ақ жануардың иесі туралы деректерді тіркеудің бірыңғай, көп деңгейлі жүйесін көздейтін, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар жүзеге асыратын және ветеринария саласындағы уәкілетті орган пайдаланатын ветеринариялық есепке алудың бөлігі;

4) ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші (бұдан әрі – тауар өндіруші) – ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен, оның ішінде тектік әлеуеті жоғары жануарлардың өсімін молайтумен, оларды сақтаумен және өсірумен айналысатын жеке немесе заңды тұлға;

5) бордақылау алаңы – мамандандырылған алаңы бар және одан әрі бордақылау үшін ірі қара малдың/ұсақ малдың еркек дарақтарын сатып алуды жүзеге асыратын агроөнеркәсіптік кешен субъектісі;

6) етті мал шаруашылығындағы оператор – асыл тұқымды тұқымдық бұқашықтарды тауарлық және қоғамдық табындарға жалға беруді жүзеге асыратын, сондай-ақ одан әрі бордақылау үшін ірі қара малдың еркек дарақтарын сатып алуды жүзеге асыратын бордақылау алаңы;

7) кредит беру шарты – қаржы институты мен қарыз алушы (көрсетілетін қызметті алушы) арасында жасалған шарт, оның талаптары бойынша қаржы институты кредит/микрокредит береді және негіздемелік келісімнен, кредиттік желіні ашу туралы келісімнен, кредиттік келісімнен, кредиттік шарттан, қарыз шартынан, микрокредит беру туралы шарттан, сондай-ақ қарыз шартына қойылатын талаптарға сай келетін өзге де шарттардан тұрады;

8) қаржы институты – банктік операцияларды жүзеге асыру құқығына лицензиялары бар қаржылық ұйымдар, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешен саласындағы кредиттік серіктестіктер мен микроқаржы ұйымдары;

9) қоғамдық табын – жеке қосалқы шаруашылықтардың мал басынан қалыптастырылған ірі қара малдың табыны;

10) қой шаруашылығындағы оператор – тауарлық отарларға асыл тұқымды тұқымдық қошқарларды жалға беруді жүзеге асыратын, сондай-ақ одан әрі бордақылау үшін ұсақ малдардың еркек дарақтарын сатып алуды жүзеге асыратын бордақылау алаңы;

11) өтінім – тауар өндірушінің субсидиялар алуға арналған электрондық өтінімі;

12) сатып алынған жануарларды мақсатты пайдалану – осы Қағидаларда көрсетілген шарттар мен мерзімдерде сатып алынған және субсидияланған жануарларды өсімді молайту мақсатында пайдалану;

13) селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық қоры (бұдан әрі – САТЖАҚ) – "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 34) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган айқындаған, оператор сүйемелдейтін, жануарлардың табынын жетілдіру және генетикалық әлеуетін арттыру үшін пайдаланылатын асыл тұқымды мал шаруашылығы субъектілеріндегі асыл тұқымды жануарлар туралы және селекциялық процеске тартылған жануарлар туралы деректерді жинаудың, жинақтаудың және өңдеудің автоматтандырылған жүйесі;

14) селекциялық және асыл тұқымды жұмысқа қатысатын аналық бас – табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын, жыныстық жағынан жетілген бас (мал шаруашылығы бойынша: асыл тұқымды жануарлар - 13 айдан бастап, тауарлық жануарлар - 18 айдан бастап, жылқы шаруашылығы бойынша - 36 айдан бастап, түйе шаруашылығы бойынша - 36 айдан бастап, қой шаруашылығы бойынша - 12 айдан бастап, марал шаруашылығы (бұғы шаруашылығы) бойынша - 24 айдан бастап, шошқа шаруашылығы бойынша - 8 айдан бастап);

15) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – САЖ) – САТЖАҚ-ның кіші жүйесі болып табылатын, субсидиялау процестерін орындау жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған, "электрондық үкіметтің" веб-порталымен өзара іс-қимыл жүргізуге, субсидиялар алуға арналған өтінімді тіркеуге, сондай-ақ оны электрондық түрде

автоматтық өңдеуге мүмкіндік беретін, Интернет желісінде орналасқан ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып, ретке келтірілген жиынтығы;

16) субсидиялауға арналған өтінімдердің электрондық тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – субсидиялауға арналған өтінімдер туралы, сондай-ақ қарыз алушылар, қаржы институттары туралы мәліметтердің жиынтығы және САЖ-да көрсетілген өзге де мәліметтер;

17) тауарлық табын/отар – ірі қара малдың/қойдың аналық басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуді жүзеге асыратын шаруашылықтың немесе ауыл шаруашылығы кооперативінің мал басынан қалыптастырылған ірі қара малдың табыны /қой отары;

18) тұқымдық түрлендіру – өсімді молайтуда асыл тұқымды тұқымдық жануарларды пайдалану жолымен аналық бастың тұқымдық және өнімділік сапаларын жақсарту;

19) шағылыстыру маусымы – ауыл шаруашылығы жануарларының өсімін молайту кезеңі;

20) "электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтер мен өзге де қызметтерге қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

21) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдар жиынтығы.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.07.2021 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Субсидиялау осы Қағидаларға 1-қосымшада белгіленген субсидиялау бағыттары мен нормативтерінің тізбесі бойынша жүзеге асырылады.

Субсидияларды төлеу берген сәтте осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген субсидияларды алуға үміткер тауар өндірушілерге қойылатын өлшемшарттарға (бұдан әрі - өлшемшарттар) сай келетін, берілген өтінімдер негізінде жүзеге асырылады.

4. Субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері бар жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) қаулысын жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) тиісті жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне (бұдан әрі - Министрлік) мемлекеттік органдардың интранет-порталы арқылы келісуге жолдайды.

Субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың басым мақсаттары мен көрсеткіштеріне сәйкес айқындалады.

5. Министрлік ұсынылған субсидиялау көлемдерінің мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың мақсаттары мен көрсеткіштеріне сәйкестігін бес жұмыс күні ішінде қарастырады.

Оң шешім болған жағдайда, Министрлік жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) қаулысының жобасына тиісті жылдың 25 қаңтарынан кешіктірмей келіседі. Теріс шешім болған жағдайда, Министрлік уәжді негіздемені тиісті жылдың 25 қаңтарынан кешіктірмей жолдайды.

Жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) пысықталған қаулы жобасы Министрлікке қайта келісуге тиісті жылдың 30 қаңтарынан кешіктірілмей беріледі.

6. Субсидиялар көлемдері осы Қағидалар қолданысқа енгізілгеннен кейін бір ай ішінде және одан кейін жыл сайын 5 ақпаннан кешіктірілмей, жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) қаулысымен бекітіледі.

Қаулы бекітілгеннен кейін жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) 2 (екі) жұмыс күні ішінде оны САЖ-да және өз ресми интернет-ресурсына орналастырады.

**7. Алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.07.2021 № 207 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Субсидиялау бағыттары арасындағы сомалар өзгерген жағдайда жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) қаулысына осы Қағидалардың 4, 5 және 6-тармақтарында көзделген тәртіппен тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізіледі. Бұл ретте мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың мақсаттары мен көрсеткіштеріне сәйкес басым бағыттар бойынша субсидиялар көлемдерін қысқартуға жол берілмейді.

## **2-тарау. Субсидия алушылар**

9. Субсидиялар тауар өндірушілерге төленеді.

## **3-тарау. Субсидия алу шарттары**

10. Субсидиялар мынадай шарттар сақталған жағдайда төленеді:

1) "электрондық үкімет" веб-порталының САЖ-мен өзара іс-қимылы арқылы электрондық түрде:

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын (сүтті, сүтті-етті, етті және етті-сүтті тұқымдар), етті және

етті-сүтті асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды, тұқымдық шығу тегіне сәйкес келетін ірі қара малдың импортталған аналық басын, асыл тұқымды қойларды, өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырды, асыл тұқымды тұқымдық түйені, шошқалардың асыл тұқымдық басын, ешкілердің асыл тұқымды аналық басын, етті бағыттағы ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапанды және асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапанды сатып алып үшін субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 2-нысан бойынша табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу үшін субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 3-нысан бойынша тауарлық отардың өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық қошқарларды күтіп-бағу үшін субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 4-нысан бойынша шаруа (фермер) қожалықтары мен ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың аналық басын, сондай-ақ шаруашылықтар мен ауыл шаруашылығы кооперативтерінде қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілген қызметтер үшін асыл тұқымдық және дистрибьютерлік орталықтарға субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 5-нысан бойынша ірі қара малдың тауарлық аналық бастарымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 6-нысан бойынша ірі қара малдың асыл тұқымды аналық бастарымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 7-нысан бойынша қойлардың асыл тұқымды аналық бастарымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 8-нысан бойынша қойлардың тауарлық аналық бастарымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 9-нысан бойынша маралдардың (бұғылардың) аналық бастарымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 10-нысан бойынша балара ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 11-нысан бойынша шошқалардың аналық және шошқа басын толықтыратын басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 12-нысан бойынша сүтті және сүтті-етті тұқымды асыл тұқымдық бұқалардың бір жынысты және қос жынысты ұрығын сатып алу үшін субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 13-нысан бойынша ірі қара мал мен қойлардың эмбриондарын сатып алу құнын арзандату үшін субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 14-нысан бойынша құс етін (құс етін, күркетауық етін, суда жүзетін құс етін), тағамдық жұмыртқаны (тауық жұмыртқасын), сүтті (сиыр сүті, бие сүті, түйе сүті) өндіру, сондай-ақ ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет өңдеуші кәсіпорындардың сиыр етін дайындау құнын арзандатуға субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 15-нысан бойынша бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе тәулігіне кемінде 50 бас ірі қара мал/ тәулігіне кемінде 300 бас қой соятын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген немесе ауыстырылған ірі қара малдың (оның ішінде сүтті немесе сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды еркек дарактары)/ұсақ малдардың еркек дарактарының құнын арзандатуға субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 16-нысан бойынша ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар алуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 17-нысан бойынша арнайы шотқа субсидиялар аударуға;

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 18-нысан бойынша ірі қара малдың/ қойлардың импортталған асыл тұқымды аналық басын немесе тұқымдық тегіне сәйкес келетін ірі қара малдың импортталған аналық басын сатып алу үшін тиесілі субсидияларға өтінімнің берілуі;

2) берілген өтінімнің ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, САЖ-да тіркелуі;

3) өтінімнің осы Қағидаларға 2-қосымшада белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келуі.

Субсидияларды беру процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ субсидияларды беру ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын субсидиялар алуға қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында жазылған.

Жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне субсидияларды алу сатысы туралы деректердің енгізілуін қамтамасыз етеді.



"Электрондық үкіметтің" веб-порталы мен САЖ-ның ақпараттық өзара іс-қимылы " Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

2022 жылғы 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін күрке тауық етін өндіру құнын арзандатуға субсидиялау нормативі 200 теңге қолданылады, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 100 теңге нормативі қолданылады.

Ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтері, субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттар, субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдері облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының қаулысымен бекітіледі.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.07.2021 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11. Тауар өндірушілер субсидия алуға өтінім берер алдында САЖ-да деректерді толтырады:

- 1) өткен жылдың қорытындысы бойынша статистикалық есепке сәйкес мал шаруашылығы өнімінің жалпы өндірісі;
- 2) статистикалық есепке сәйкес еңбек өнімділігі;
- 3) ауыл шаруашылығы жануарлары жайылымдарының жалпы алаңы және мал басы.

#### **4-тарау. Субсидияларды төлеу тәртібі**

12. Өтінімдерді қабылдау ауыл шаруашылығы жануарларының орналасқан/ тіркелген жері бойынша осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес өлшемшарттарда көзделген мерзімдерде жүзеге асырылады.

Өтінімдер жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) бекітілген қаулысына сәйкес тиісті бағыттарға көзделген қаражат шегінде қабылданады.

Жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) бекітілген қаулысына сәйкес тиісті бағыттарға көзделген қаражат жетіспеген кезде өтінімдер резервке (күту парағына) келіп түседі.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.07.2021 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

13. Веб-портал (бұдан әрі - Жеке кабинет) арқылы тізілім деректеріне қол жеткізуді ұсыну үшін тауар өндірушіде САЖ-да дербес тіркелу үшін ЭЦҚ-сы болуы қажет.

14. Жеке кабинетте тіркелу үшін тауар өндіруші мынадай мәліметтерді көрсетеді:

- 1) жеке тұлғалар және дара кәсіпкерлер үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН), аты және әкесінің аты (бар болса), тегі;

2) заңды тұлғалар үшін: бизнес-сәйкестендіру нөмірі, толық атауы; бірінші басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және ЖСН-сы;

3) байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, электрондық почта мекенжайы);

4) екінші деңгейдегі банктің ағымдағы шотының деректемелері.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген жағдайда тауар өндіруші Жеке кабинетке енгізген деректерін 1 (бір) жұмыс күні ішінде өзгертеді.

15. Тауар өндірушінің өтінімін Жеке кабинетте қалыптастыру және тіркеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) Осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген мәліметтер енгізіле отырып, өтінім қалыптастырылады;

2) өтінім оған тауар өндірушінің ЭЦҚ-сын қою жолымен САЖ-да тіркеледі және жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) электрондық мекенжайына өтінімнің қарастыруға келіп түскендігі туралы электрондық хабарлама жолданады.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.07.2021 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

16. Жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты орындаушысы өтінімді тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінімді осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген деректердің толықтығына тексеруді жүзеге асырады, сондай-ақ, субсидия алуға берілген өтінімді қарау нәтижелері туралы хабарламаны не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауапты жолдайды.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.07.2021 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

17. Жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты орындаушысы өтінімді қабылдау расталғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидияларды төлеуге арналған төлем шотын САЖ-да қалыптастырады.

Резервке (күту парағына) келіп түскен өтінімдер бойынша субсидиялар төлеу жергілікті атқарушы органның (көрсетілетін қызметті берушінің) субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері көрсетілген қаулысы негізінде келесі қаржы жылында қосымша бюджет қаражаты бөлінген кезде өтінімдердің келіп түскен күніне және уақытына сәйкес кезектілік бойынша жүзеге асырылады.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.07.2021 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

18. Қаржы институты Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалған кредит беру шарты шеңберінде жергілікті атқарушы органға (көрсетілетін қызметті берушіге) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 17-нысан бойынша арнайы шотқа субсидиялар аударуға өтінім береді.

Арнайы шотқа субсидияларды алу үшін қаржы институты өтінімге "PDF" (жазбаша қолы қойылған немесе ЭЦҚ-мен (QR кодпен) куәландырылған қағаз нұсқасының сканерленген нұсқасы) электрондық форматында қаржы институтының кредиттік комитетінің оң шешімін, кредит беру шартын жүктейді.

Өтінім САЖ-да тіркелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде субсидиялар төлемді немесе ірі қара малдың/қойлардың импортталған асыл тұқымды аналық басын немесе тұқымдық шығу тегіне сәйкес келетін ірі қара малдың импортталған аналық басын сатып алуға арналған кредитті кейінге қалдыра отырып (ішінара төлей отырып), жасалған шарт немесе кредит беру шарты шеңберінде қаржы институтының екінші деңгейдегі банктегі арнайы шотына аударылады.

Тауар өндіруші ірі қара малдың/қойлардың импортталған асыл тұқымды аналық басын немесе тұқымдық шығу тегіне сәйкес келетін ірі қара малдың импортталған аналық басын сатып алу фактісі бойынша САЖ-ға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 18-нысан бойынша өтінімде көрсетілген мәліметтерді енгізеді.

Тауар өндірушінің ірі қара малды/қойды САТЖАҚ-да тіркеуі және ірі қара малдың/қойлардың импортталған асыл тұқымды аналық басын немесе осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес 18-нысан бойынша тұқымдық шығу тегіне сәйкес келетін ірі қара малдың импортталған аналық басын сатып алу үшін тиесілі субсидияға өтінім беруі расталған, ірі қара малдың/қойлардың импортталған асыл тұқымды аналық басын немесе тұқымдық шығу тегіне сәйкес келетін ірі қара малдың импортталған аналық басын сатып алу фактісі болмаған кезде, қаржы институты субсидия сомасын алған сәттен бастап 120 (жүз жиырма) күн ішінде оны жергілікті атқарушы органға (көрсетілетін қызметті берушіге) қайтарады.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.07.2021 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

19. Құс фабрикалары/бордақылау алаңдары/тауарлық сүт фермалары/сою қуаты 50 бас ірі қара малдан немесе 300 бас қойдан басталатын ет өңдеуші кәсіпорындар осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес субсидиялар алуға үміткер тауар өндірушінің инфрақұрылымының сәйкестігіне арнайы комиссияның қорытындысын (бұдан әр – қорытынды) алады. Комиссияның қалыптасу рәсімі мен жұмысы "Атамекен" ҰКП-ның шешімімен регламенттеледі.

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.07.2021 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

20. Арнайы комиссия кәсіпорындардың осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген өлшемшарттарға сәйкес келетін инфрақұрылымының бар-жоғын салыстырып-тексереді және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытынды береді. Сканерленген көшірмені және қорытындының мәліметтерін жергілікті атқарушы орган (көрсетілетін қызметті беруші) арнайы комиссияның қол қойылған қорытындысы берілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде САЖ-ға енгізеді.

Тауар өндірушінің өлшемшарттарға сәйкестігін айқындау 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтеусіз негізде "Атамекен" ҰКП-ның өңірлік кәсіпкерлер палатасына тауар өндірушінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Қарау мерзімі тауар өндірушінің келісуі бойынша 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Арнайы комиссияның тауар өндірушілердің өлшемшарттарға сәйкестігін салыстырып-тексеруі үш жылда бір рет не осы Қағидаларда белгіленген өлшемшарттар өзгерген кезде жүзеге асырылады.

Арнайы комиссияға қорытынды алған тауар өндіруші қызметінің субсидиялаудың әр түрі бойынша өлшемшарттар мен талаптарға сәйкестігіне мониторинг жүргізуге және егер бұзушылықтар анықталса, тауар өндірушіден қорытындыны қайтарып алуға уәкілеттік беріледі.

Тауар өндірушіге осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында субсидиялар алуға берілген өтінімді қарау нәтижелері туралы хабарлама жіберіледі. Хабарлама САЖ-да тіркелген жағдайда, тауар өндіруші көрсеткен электрондық почта мекенжайына, сондай-ақ САЖ "жеке кабинетке" жіберіледі.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.07.2021 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

21. Субсидиялар беруден бас тарту мынадай негіздер бойынша жүзеге асырылады:

1) тауар өндірушінің субсидия алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) тауар өндірушінің және (немесе) субсидия алу үшін қажетті деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келмеуі.

**5-тарау. Жергілікті атқарушы органдардың (көрсетілетін қызметті берушілердің) және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

22. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша шағымды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау

және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі –шағымды қарайтын орган) қарайды

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) лауазымды адамға беріледі.

Егер шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам 3 (үш) жұмыс күні ішінде шешім қабылдап, шағымда көрсетілген талаптарды толығымен қанағаттандыратын әкімшілік іс-қимыл жасаса, онда ол шағымды қарайтын органға жібермеуге құқылы.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағымданудан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.07.2021 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.07.2021 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.07.2021 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.07.2021 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Асыл тұқымды мал  
шаруашылығын дамытуды, мал  
шаруашылығының өнімділігін  
және өнім сапасын арттыруды  
субсидиялау қағидаларына  
1-қосымша

## Субсидиялау бағыттары мен нормативтерінің тізбесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.07.2021 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/ с №	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы			
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:		
1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	Бас/шағылыстыру	10 000
1.2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы	маусымы	15 000

2.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	Бас/шағылыстыру маусымы	100 000
3.	Етті, етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу:	Сатып алынған бас	150 000
4.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:		
4.1	Отандық		150 000
4.2	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Украина елдерінен импортталған	Сатып алынған бас	225 000
4.3	Аустралия, АҚШ, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа елдерінен импортталған		300 000
5.	Ірі қара малдың тұқымдық шығу тегіне сәйкес келетін импортталған аналық басын сатып алу		150 000
6.	Бордақылау аландарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне кемінде 50 бас ірі қара мал болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген немесе ауыстырылған ірі қара малдың еркек дарактарының (оның ішінде сүтті және сүтті-етті тұқымдардың еркек дарактары) құнын арзандату	Тірідей салмағы, килограмм	200
7.	Ірі қара малды союмен және етін бастапқы өңдеумен айналысатын ет өңдеуші кәсіпорындардың сиыр етін дайындау құнын арзандату	Өндірілген сиыр етінің килограмы	175
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы			
1.	Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасының ұрығын сатып алу		
1.1	Бір жынысты	Сатып алынған доза	10 000
1.2	Қос жынысты		5 000
2.	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:		
2.1	отандық		200 000
2.2	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Украина елдерінен импортталған	Сатып алынған бас	225 000
2.3	Аустралия, АҚШ, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа елдерінен импортталған		400 000
3.	Сүт өндіру құнын арзандату		
3.1	Бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылық		45
3.2	Бағымдағы сиырларының саны 400 бастан басталатын шаруашылық	Өткізілген немесе өңделген килограмм	30
3.3	Бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық		20
3.4	Ауыл шаруашылығы кооперативі		20
4.	Ірі қара малдың эмбриондарын сатып алу құнын арзандату	Дана	80 000
5.	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сүтті және сүтті-етті бағытындағы ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін асыл тұқымды және дистрибьютерлік орталықтарды субсидиялау	Ағымдағы жылы ұрықтандырылған бас	5 000
Етті құс шаруашылығы			
1.	Ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу	Сатып алынған бас	600
2.	Құс етін өндіру құнын арзандату		

2.1	15 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	Өткізілген килограмм	80
2.2	10 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс		70
2.3	5 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс		60
2.4	500 тоннадан басталатын нақты өндіріс		50
3.	Күрке тауық етін өндіру құнын арзандату		
4.	Суда жүзетін құс етін өндіру құнын арзандату		40
<b>Жұмыртқалы құс шаруашылығы</b>			
1.	Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу	Сатып алынған бас	60
2.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату (2022 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болады)		
2.1	200 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	Өткізілген дана	1,5
2.2	150 миллион данадан басталатын нақты өндіріс		1,3
2.3	100 миллион данадан басталатын нақты өндіріс		1,2
2.4	50 миллион данадан басталатын нақты өндіріс		1,1
2.5	20 миллион данадан басталатын нақты өндіріс		1
<b>Қой шаруашылығы</b>			
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу		
1.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	Бас/ шағылыстыру маусымы	4 000
1.2	Қойлардың тауарлық аналық басы		2 500
2.	Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу		15 000
2.1	Импортталған асыл тұқымды аналық қойларды сатып алу	Сатып алынған бас	30 000
2.2	Импортталған асыл тұқымды тұқымдық қошқарлар сатып алу		150 000
3.	Тауарлық отардың өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық қошқарды күтіп-бағу	Бас/шағылыстыру маусымы	10 000
4.	Бордақылау аландарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне 300 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген ұсақ малдардың еркек дарақтарының құнын арзандату	Өткізілген бас	3 000
5.	Қойлардың эмбриондарын сатып алу құнын арзандату	Дана	80 000
6.	Шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін асыл тұқымды және дистрибьютерлік орталықтарды субсидиялау	Ұрықтандырылған бас/шағылыстыру маусымы	1 500
<b>Жылқы шаруашылығы</b>			
1.	Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу	Сатып алынған бас	100 000
<b>Түйе шаруашылығы</b>			
1.	Асыл тұқымды тұқымдық түйелер сатып алу	Сатып алынған бас	100 000
<b>Шошқа шаруашылығы</b>			
1.	Асыл тұқымды шошқалар сатып алу	Сатып алынған бас	140 000

2.	Шошқалардың аналық және шошқа басын толықтыратын басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу	Бас/ шағылыстыру маусымы	40 000
Жергілікті бюджет қаражаты есебінен:			
1.	Маралдардың (бұғылардың) аналық бастарымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	Бас/шағылыстыру маусымы	10 000
2.	Балара ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	Балара ұясы/ маусым	5 000
3.	Ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату	Бас	
4.	Ешкілердің асыл тұқымды аналық басын сатып алу	Сатып алынған бас	40 000
5.	Бие сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	Килограм	60
6.	Түйе сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	Килограм	55

### Ескертпе:

Жануарлардың барлық түрлерін, етті бағыттағы құстардың ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапанын, асыл тұқымды құстан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапанды, ірі қара малдың және қойлардың эмбриондарын сатып алу бекітілген нормативке дейін, бірақ оны сатып алу құнының 50%-ынан аспайтын мөлшерде субсидияланады.

Сүтті және сүтті-етті тұқымды асыл тұқымды бұқаның ұрығын сатып алу құнының 100%-на дейін субсидияланады, бірақ бекітілген нормативтерден аспайды.

Асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды/тұқымдық қошқарларды тауарлық табынға/отарға одан әрі жалға беру кезінде өтінім беруші етті мал шаруашылығындағы/қой шаруашылығындағы оператор болып табылады. Аналық мал басына арақатынасты есептеу бір тұқымдық аталыққа (асыл тұқымдық және дистрибьютерлік орталықтарды қоспағанда) кемінде 13 аналық басты құрайды және 25 аналық мал басынан аспайды.

Асыл тұқымды тұқымдық айғырлар мен тұқымдық түйелерді сатып алу аналық мал басы бар болған кезде субсидияланады. Аналық мал басының арақатынасын есептеу бір тұқымдық аталыққа кемінде 8 аналық басты құрайды және 15 аналықтан аспайды.

Уәкілетті орган САЖ жұмысының алгоритмін әзірлейді және оны САЖ және САТЖАҚ-да орналастырады.

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына  
2-қосымша

### Субсидиялар алуға үміткер тауар өндірушілерге қойылатын өлшемшарттар

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 13.07.2021 № 207 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

--	--	--	--



Р/с №	Субсидиялау бағыты	Өлшемшарттар	САЖ-да субсидиялау шарттарына сәйкестігін тексеру әдісі	Өтінімді беру мерзімі
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы				
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:	Өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-да және АЖБ-да барлық мал басын тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі	САТЖАҚ-мен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл	
1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	<p>1. Өсімді молайтуда асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды мынадай талаптарға сәйкес пайдалану:</p> <p>1) жиырма бес аналық басқа кемінде бір асыл тұқымды тұқымдық бұқа;</p> <p>2) шағылыстыру маусымын қатарынан екі реттен артық пайдаланбау;</p> <p>3) жасы ағымдағы жылдың 1 маусымына 12 айдан кем болмауы;</p> <p>4) бұрын тұқымдық түрлендіруде пайдаланылмаған.</p> <p>2. Төлдің тууы 65%-дан кем емес, оны САТЖАҚ-да тіркеу және анасына бекіту (өтінім берілген сәтке дейін кемінде 12 ай бұрын САТЖАҚ-да алғаш рет тіркеген тауар өндірушілерді қоспағанда).</p> <p>3. Ауыл шаруашылығы кооперативі үшін – ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшелері бойынша мәліметтердің ірі қара малдың аналық басының иелері туралы мәліметтермен сәйкестігі.</p>	САТЖАҚ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылғы 15 сәуірден 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін
1.2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы	<p>1) аналық баста тиісті тұқым жөніндегі республикалық палата берген асыл тұқымды мал мәртебесінің болуы;</p> <p>2) өсімді молайтуда бірінші санаттағы асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды мынадай шарттарға сәйкес пайдалану:</p> <p>- жиырма бес аналық басқа кемінде бір тұқымдық бұқа, ағымдағы жылғы 1 маусымға жасы 12 айдан кем емес немесе аналық басты асыл тұқымды тұқымдық бұқаның ұрығымен қолдан ұрықтандыру;</p> <p>3) төлдің тууы 75%-дан кем емес, оны САТЖАҚ-да тіркеу және анасына бекіту (өтінім берілген сәтке дейін кемінде 12 айдан аз уақыт ішінде САТЖАҚ-да мал басын алғаш рет тіркеген тауар өндірушілерді қоспағанда);</p> <p>4) ауыл шаруашылығы кооперативі үшін – ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшелері бойынша мәліметтердің ірі қара малдың аналық басының иелері туралы мәліметтермен сәйкестігі;</p>	САТЖАҚ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл;	ағымдағы жылғы 20 қаңтардан 20 желтоқсанға (қоспағанда) дейін

		5) мал басында сәйкестендірудің электрондық тәсілдерінің болуы (2022 жылғы 1 қаңтардан бастап).	қоса алғанда) дейін
2.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	<p>1) өтінімді берген сәтте пайдаланылатын тұқымдық бұқаның САТЖАҚ-да және АЖБ-да тіркелуінің болуы және деректерінің сәйкестігі;</p> <p>2) етті мал шаруашылығындағы операторда Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18404 болып тіркелген) бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялар алуға үміткер тауар өндіруші инфрақұрылымының сәйкестігіне арнайы комиссияның оң қорытындысы бар бордақылау алаңының есептік нөмірінің және сертификатының болуы;</p> <p>3) етті мал шаруашылығындағы оператордың шаруашылықпен/ауыл шаруашылығы кооперативімен жасалған асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды жалдау шартының (бордақылау алаңы қуатының 30%-нан аспайтындай есеппен асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды тарату) немесе осы өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке қосалқы шаруашылықтардағы мал басынан қалыптастырылған қоғамдық табынға асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды бекітіп беру және пайдалану жөніндегі елді мекен тұрғындары-мал иелерінің жиыны хаттамасының болуы;</p> <p>4) асыл тұқымды бұқаларды жалға беру және асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды мынадай нормативтерге сәйкес пайдалану: жиырма бес аналық басқа кемінде бір асыл тұқымды тұқымдық бұқа есебінен (асыл тұқымдық мәртебесі жоқ аналық бас есепке алын ады) ; ағымдағы жылдың 1 маусымына жасы 12 айдан кем болмауы; қатарынан екі шағылыстыру маусымынан артық пайдаланбау.</p>	САТЖАҚ-мен және АЖБ-мен интеграцияланған өзара іс-қимыл ағымдағы жылғы 15 сәуірден 20 желтоқсанға (қоса алғанда) дейін
	Етті, етті-сүтті тұқымдардың асыл	1) өтінімді берген сәтте САТЖАҚ-да және АЖБ-да сатып алынған мал басын тіркеудің болуы және деректердің сәйкестігі;	
		2) тауар өндірушіде (етті мал	

3.	тұқымды тұқымдық бұқасын сатып алу	шаруашылығындағы операторларды қоспағанда) өзінің аналық басының болуы; 3) мал басында тиісті тұқым жөніндегі республикалық палата берген асыл тұқымды мал мәртебесінің болуы; 4) сатып алынған мал басының жасы сатып алу сәтінде (ел ішінен сатып алған жағдайда - асыл тұқымдық куәлікте көрсетілген сату сәтінде; импортталған жағдайда - малды сатушыда (экспорттаушыда) карантинге қойған сәтте): қашарлар - 6 айдан 18 айға дейін (қоса алғанда); құнажындар - 13 айдан 26 айға дейін (қоса алғанда); бұқашықтар - 26 айға дейін (қоса алғанда);		
